

## Несие ресурстарын тарту туралы шарттарды жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 8 маусымдағы N 105-ө

Мемлекет мүдделерін қамтамасыз ету және акциялардың мемлекеттік бақылау пакеттері бар жекелеген акционерлік қоғамдардың және "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының несие ресурстарын тартуын ретке келтіру мақсатында:

1. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы", "ҚазТрансОйл" ұлттық акционерлік мұнай құбыры компаниясы", "Қазатомпром" ұлттық акционерлік компаниясы", "KEGOC", "Эйр Казахстан", "Мемазықтүліккорпорациясы" акционерлік қоғамдарына қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен:

аталған ұйымдардың бірінші басшыларына несие ресурстарын тарту туралы шарттарды жасасуды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісу міндеттемелерін жүктеуді;

бірінші басшыларға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әзірлеген және бекіткен ережеде көзделген несие ресурстарын тарту туралы ақпаратты бермегені және уақтылы бермегені үшін жауапкершілікті жүктеуді;

жарғыларды аталған ұйымдар органдарының (директорының, президентінің, басқармасының, байқаушы кеңесінің) осы ұйымдардың мүлкіне билік жүргізу (иеліктен алу, кепілге беру) жөніндегі құқықтық мүмкіндіктерін барынша аз мөлшерге дейін қысқарту бөлігінде өзгертуді қамтамасыз етсін.

2. Осы өкімнің 1-тармағының төртінші абзацының орындалғаны туралы 1998 жылдың 16 маусымына дейін Үкіметке ақпарат берілсін.

Премьер - Министрі